



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

№ 480 от 21.07.2025

ПРИКАЗ

№ _____
город Астана

**«Астана медицина университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының 2024 жылғы жеке
және шоғырландырылған
жылдық қаржылық есептілігін
бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 94 бұйрығымен бекітілген Жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілікті депозитарийге тапсыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26686 болып тіркелген), «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметтерін үйлестіру және қол қою құқығы бойынша міндеттерді жүктеу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 13 қарашадағы № 784 бұйрығына сәйкес, «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы 42-тармағының 9) тармағына, «Эксперт Аудит KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тәуелсіз аудиторының 2025 жылғы 23 сәуірдегі аудиторлық қорытындыларына, «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 2025 жылғы 4 маусымдағы № 7 хаттамасынан үзіндіге және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № КГИП-02-КГ/6474 хатына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2024 жылғы жеке және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 445 032 000 (төрт жүз қырық бес миллион отыз екі мың) теңге мөлшеріндегі 2024 жылғы таза табысы Қоғамның иелігінде қалдырылсын.

3. Қоғамның Басқарма төрағасы:

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Қағидалардың талаптарына сәйкес қаржылық есептіліктің депозитарийін

жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымға осы бұйрықтың 1-тармағында көзделген жылдық қаржылық есептілікті және «PDF (Portable Document Format)» электрондық форматында аудиторлық есепті (қол қойылған және аудиторлық ұйымның мөрімен куәландырылған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесін) жіберуді қамтамасыз етсін;

осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде оны Қоғамның корпоративтік сайтында жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Экономика, қаржы және корпоративтік басқару департаментіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Вице-министр

А. Амангельдиев

Подписано

21.07.2025 18:45 Амангельдиев Ардак

